



# Кредиттер бойынша субсидиялар мен кепілдіктерді қалай алуға болады?

Қадам1

Менің Бизнесіме кредит қажет!



Қадам2

Сіздің кепілзатыңыз жеткіліксіз және Сіздің кредитіңіз бойынша пайыз ставкасы 19 %, алайда мемлекеттік қолдауды пайдаланыңыз!



Қадам3

Біз Сізді қолдауға дайынбыз! Комиссия кредиттің пайыздық ставкасын азайту мүмкіндігін және кепілзат бойынша жетіспейтін кепілдікті қарастырады.



Қадам4

Біз Сіздің кредитіңіздің пайыздық ставкасын 10 %-ға дейін азайтамыз! «Даму» қорының кепілдігі Сіздің жетіспейтін кепілзатыңызды алмастырады!



Қадам5

Бұдан әрі «Даму» қорымен және Банктермен субсидиялау және кепілдендіру шарттарына қол қойылады.



Қадам6

Алақай, мен «Даму» қорының көмегімен кредит алдым және ставкасын **10 %-ға дейін** азайттым, өз бизнесімді бастадым!



**Сізге де табыс тілеймін!**

Толық ақпаратты +7 800 080 18 90 телефоны, call-центр 1408 арқылы немесе [www.damu.kz](http://www.damu.kz) сайтында алуға болады



# Инновациялық бизнес-жобаларға гранттарды қалай алуға болады?

## Қадам1

Мен өз бизнесімді бастағым келеді, және бизнес-жоспарым бар\*. Қайтарымызсыз грант алу үшін қайда баруым керек?




## Қадам2

Кәсіпкерлік басқармасы Сіздің бизнес-жоспарыңызды қарайды. Ол үшін **Сіз бизнес-жоспарыңызды Конкурстық комиссияға таныстыруыңыз** қажет!



## Қадам3

Сіздің бизнес-жоспарыңыз бізге ұнады, бұл біздің өңірге қажетті бизнес! Біз Кеңеске Сізге грант бөлуді ұсынамыз\*\*.



## Қадам4

Тамаша идея! Біз Сіздің бастамаңызды қолдаймыз және бизнес-жоспарыңызды мақұлдаймыз!




## Қадам5

Кәсіпкерлік басқармасы мен «Даму» қоры арасында грант беру туралы Шартқа отыруыңыз қажет.



## Қадам6

Алақай, менің бизнесім жүре бастады!



\*-бизнес-жоспардың міндетті шарты - 10 %-дан кем емес өз қаражатымен бірлесіп қаржыландыру және жұмыс орындарын ашу;

\*\*-гранттың максималды сомасы 3 млн.тг.



# «Кең Дала» бағдарламасы бойынша **ауылдық жерде 8,3 %-бен** қалай кредит алуға болады?

**Ауылдық жерде** бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін Банк қандай кредит пайыздық ставкасын ұсына алады?!

Бұл бағдарлама бойынша әріптес Банктерден **8,3 %-бен** барлық әрекет түрлеріне микрокредиттер алуға болады! Банк Сізге қолдау көрсетуге дайын, егер Сіз келесі шарттарға сай болсаңыз:

Жобаның жүзеге асырылу орны: **ауылдық жер**, шағын қалалар немесе моноқала;

Кредит сомасы **10 млн. теңгеге дейін\***;

Нысаналы мақсаты:

- жаңа негізгі құралдарды сатып алу және жаңғырту;
- айналым қаражатын толықтыру;
- 2015 жылдың 27 қарашасынан ерте емес қалыптасқан қарыз берешегін қайта қаржыландыру



«Кең Дала»  
Бағдарламасы



Әріптес Банктер



\* - 10 млн.теңгеден артық сома Кеңес келісімімен беріледі.



# «Жас Старт» бағдарламасы бойынша 8,3 %-бен микрокредитті қалай алуға болады?

1

Мен жас кәсіпкермін.\*  
Банк маған не ұсына алады?!



2

Әріптес банктер **29 жасқа дейінгі** жас кәсіпкерлер үшін **8,3 %-бен** барлық қызмет түрлеріне микрокредиттер ұсына алады!  
Банк Сізге қолдау көрсетуге дайын, Егер Сіз келесі шарттарға сай болсаңыз:

Кредит сомасы: **15 млн.теңгеге дейін\*\***

Нысаналы мақсаты

- жаңа негізгі құралдарды сатып алу және жаңғырту;
- айналым қаражатын толықтыру;
- 2015 жылдың 27 қарашасынан ерте емес қалыптасқан қарыз берешегін қайта қаржыландыру.



3

Алақай, менің бизнесім жүре бастады!



Әріптес Банктер



\* - 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкер.

\*\* - максималды сома - 20 млн.тг.